



№9 (183), 2023
(Қыркүйек-Сентябрь)

МЕКТЕПТЕГІ ПСИХОЛОГИЯ ПСИХОЛОГИЯ В ШКОЛЕ

Журнал 2006 жылдың қаңтар-ақпан айынан бастап
қазақ және орыс тілдерінде шыға бастады.

Журнал издается с января-февраля 2006 года на казахском и русском языках
2011 жылдан бастап ай сайын шығады – С 2011 года выходит ежемесячно

(Республикалық ғылыми-теориялық және қолданбалы журнал – Республиканский научно-теоретический и прикладной журнал)

МАЗМҰНЫ - СОДЕРЖАНИЕ

Е. БЕЛҒОЖА

Білім беру ұйымдарындағы әлеуметтік педагогтың
қызметі3

М. АЙТЕЙБАЕВ

Гендерлік тәрбие беру тарихы.....10

Б. АСҚАР, А. АЗАМАТҚЫЗЫ, Д. САГИМБАЕВА

Мектеп педагог-психологының кәсіби бағдар беру жұмысын
ұйымдастыру ерекшеліктері10

Г. ЖАҢАБЕРГЕНОВА

Отбасындағы келіспеушіліктердің бала психологиясына
әсері17

Г. МЫРЗАБОТАЕВА

Жасөспірімдердің бос уақытын тиімді ұйымдастыру
жолдары20

Ж. ДОСЫМАНОВА

Управление конфликтной ситуацией24

М. ЖАНДЫБАЕВА

Мұғалім мен оқушы арасында жағымды психологиялық
қарым-қатынас орнату34

Б. БАТЫРҒАЛИЕВА

Жас педагогтарға психологиялық қолдау көрсету.....37

А. ӘУЕЛБЕКОВА

Мұғалімдерге арналған тренинг сабақ.....40

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

«Педагог LTD» ЖШС

Бас редактор –

Ақнұр ОЛЖАЕВА

Ғылыми редактор –

М. АХМЕТОВА

20. 05. 2010 ж.
ҚР Байланыс
және ақпарат
министрлігінде
қайта тіркеліп, №10964-Ж
куәлігі берілді.

Басылым индексі: 75487

Басуға қол қойылды

02. 10. 2023 ж.

Офсеттік басылым.

Тапсырысы: 320.

Редакцияның

мекен-жайы:

050036, Алматы қаласы,

Мамыр-2 ы/а, 13-7.

Тел/факс:

8 (727) 255-72-94.

Ұялы тел: 8 777 194 94 58,

8 777 303 37 67.

Эл. пошта:

pedagog-ltd@mail. ru

Журнал <<Print

House GERONA>>

типографиясында

басылды.

Алматы қаласы, Сәтбаев

көшесі 30А/3, 124.

Көркемдеуші және

беттеуші:

Нұрзат Раймқұлова

Редакциялық алқа: Редакционная коллегия:

М. Ахметова – редакция алқасының төрағасы, психол. ғ. д., проф.
(Алматы, «Қайнар» Академиясы)

О. Саңғылбаев – психол. ғ. д., проф.
(Алматы, ҚазҰПУ)

М. Перленбетов – психол. ғ. д., проф.
(Алматы, «Қайнар» Академиясы)

Б.Р. Кадыров - д.пс.н., профессор
(Узбекистан, Ташкентский филиал МГУ им. М.В. Ломоносова)

М. П. Кабакова – канд. психол. н., доцент (Алматы, КазНУ)

Ш. Сатиева – психол. ғ. к., проф.
(Семей, «Семей ун-т»)

Ә. Көкебаева – психол. ғ. д., проф.
(Көкшетау, «Көкшетау ун-т»)

Ұ. Төлешова – п.ғ.к.
(Алматы, ҚазҰПУ)

Б. Бейсекеева – педагог-психолог
(Павлодар обл.)



Жарияланған материалдар редакцияның пікірін білдірмейді. Фактілермен мәліметтердің дұрыстығына авторлар жауапты. Журналға шыққан материалдардың стильдік қателіктеріне редакция жауап бермейді. Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды.



Опубликованные материалы не отражают точку зрения редакции. Ответственность за достоверность фактов и сведений в публикациях несут авторы. Рукописи и фотографии не рецензируются и не возвращаются.

Главный редактор –
Акнур ОЛЖАЕВА
Научный редактор –
М. АХМЕТОВА

Журнал перерегистрирован в Министерстве связи и информаций РК.
Свидетельство №10964-Ж от 20. 05. 2010 г. Астана.
Подписной индекс: 75487

Подписано в печать 02. 10. 2023 г.
Печать офсетная.
Заказ 320.

Учредитель:

ООО «Педагог LTD»

Адрес: 050036, г. Алматы,
Мкр. Мамыр-2, 13-7.

Тел./факс: 8 (727) 255-72-94;
сот. т.: 8 777 1949458, 8 777 3033767
Эл. почта: pedagog-ltd@mail.ru

Дизайнер-верстальщик
Нурзат Раймукулова

Журнал напечатан в типографии
<<Print House GERONA>>
г. Алматы, ул. Сатпаева, 30А/3,
124-офис.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Материалдарды компьютерде Times New Roman қарпімен теріп, көлемі 2 беттен аспайтын Microsoft Word бағдарламасында сақтап жіберіңіз. Мақала соңында автор туралы толық әрі нақты мәлімет болуы керек. Аты-жөніңізді толық жазыңыз. Мақаланызға қосымша журналға жазылғандығыңыз жөніндегі **түбіртек көшірмесін** салғаныңыз жөн. Түбіртектің түпнұсқасы өзіңізде қалсын. Ол журналды уақытысында алмаған жағдайда байланыс бөлімшесіне барып, талап етулеріңізге керек болады. Мақаланы мүмкіндігінше Интернет арқылы электронды поштаға (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru) жіберіңіз. Факс арқылы, бағалы хат арқылы да редакция мекен-жайына жіберулеріңізге болады.

ОБРАТИТЕ ВНИМАНИЕ!

Представляемые материалы должны быть напечатаны на компьютере и сохранены в формате программы Microsoft Word. Объем не более 2-х страниц. Сведения об авторе должны быть точными и полными. К высылаемому материалу приложить копию квитанции о подписке на журнал. Материалы отправляйте электронной почтой (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru), факсом или заказным письмом.

Білім беру ұйымдарындағы әлеуметтік педагогтың қызметі

Е. БЕЛҒОЖА

Қазіргі таңда әлеуметтік педагогика ғылымын зерттеу және оның теориялық-тәжірибелік нәтижелерін өмірде пайдалану қажеттілігі туындауда. Әлеуметтік педагогика ғылым ретінде XIX ғасырдың ортасында Германияда пайда болды. «Әлеуметтік педагогика» терминін алғаш рет 1844 жылы К.Магер енгізді. Кейіннен бұл ұғымды ғылымға XIX ғасырда неміс педагогы А. Дистервег жалғастырды.

1991 жылы біздің елімізде «әлеуметтік педагог», «әлеуметтік педагог қызметі» деген ұғымдар қалыптасты. Әлеуметтік педагог - жоғары кәсіби білімі бар, барлық балаларға қамқорлық мейірім мен сүйіспеншілік сыйлай алатын, әрбір өскелең жас адамға ақылшы, ұйымдастырушы, психолог, тәрбиелеуші, заңдық құқығын қорғаушы. Әлеуметтік педагог - сырттан бақылаушы емес, ол балалар мен ересектердің бірлескен қызметінің тікелей қатысушысы, ұйымдастырушы.

Л.В. Мардахаев әлеуметтік педагог – әлеуметтік нормаларды сақтауға, әлеуметтік ауытқушылықтарды болдырмауға, әлеуметтік өзін-өзі жетілдіруге бағытталған түрлі санаттардағы адамдармен тікелей әлеуметтік-педагогикалық жұмысты ұйымдастырушы. Әлеуметтік педагогиканы толық меңгерген адам өзінің кәсіби іскерлігін көрсете біледі, әлеуметтік тәрбие аймағында туындайтын сұрақтарды шеше алады. Әлеуметтік педагогика, *біріншіден*, адам өміріндегі белгілі бір жағдайға қандайда бір жас ерекшелігінде болатын немесе болуы мүмкін жағдайды болжауға мүмкіндік беретін білім саласы. *Екіншіден*, адам дамуындағы дұрыс жағдайларды қалай жасауға және оның әлеуметтенуі барысында туындайтын кедергілерді жоюға болатындығы туралы; үшіншіден, келеңсіз жағдайлардың адамға ықпалын тежеу, адамда әлеуметтену процесінде туындайтын қиыншылықтардың үлесін шегеруге мүмкіндік береді. Әлеуметтік педагог жас ұрпақты қоғамға әлеуметтендіру барысында олардың бойына ізгі қасиеттерді сіңіре отырып, олардың арнамысына тимеуге, абыройларын, ар-ождандарын құрметтеуге рухани-адамгершілік пен әдептілікке баулу, адамды сүйе, сыйлай, құрметтей білуге үйрету, қоғамның шынайы иесі болуға талаптандыру қажет.

Әлеуметтік педагог – әр түрлі әлеуметтік-мәдени ортада балалармен тәрбие жұмысын ұйымдастырушы маман. Әлеуметтік педагог жеке тұлғаның психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері мен оның қызығушылықтары мен қажеттіліктерін, мінез-құлығындағы ауытқуды анықтай отырып, қоршаған ортаны зерттейді және балаға уақытында әлеуметтік көмек пен қолдау көрсетеді. Жас ұрпақты тәрбиелеу барысында ең алдымен отбасы жауапты болса, содан соң мектептегі

ұстаздарымен балаға әлеуметтік өмірдің қыр-сырын үйрететін қоғамдық ортаға бейімдейтін әлеуметтік педагог. Қазіргі уақытта әлеуметтік педагог лауазымы көптеген мектептерде енгізілді.

Әлеуметтік педагог – бұл тарихи және мәдени дәстүрлерді ескере отырып, гуманизм қағидалары негізінде педагогтар мен ата-аналардың қызметін ұйымдастыра отырып, оқушылардың әлеуметтік және кәсіби өзін-өзі дамуына жағдай жасайтын мектеп қызметкері. *Әлеуметтік педагогтың міндеттері:*

- балалардың құқықтарын қорғау;
- баланың дамуы үшін қолайлы жағдай жасау;
- мектеп отбасы арасындағы қарым-қатынас және серіктестік қарым-қатынас орнату;
- балалардың әлеуметтік тәжірибесін беру және қалыптастыру; - адамның социумда өмір сүруі, өмірдің күнделікті мәселелерін шеше алуы.
- адамдардың санасында толерантты ұстанымдарды қалыптастыру, олардың қабілеттерін, мүдделерін, өмір сүру жағдайларын зерделеу;
- жағымсыз құбылыстарды анықтау және жою;
- барлық мұқтаждарға әртүрлі қорғаныс және көмек көрсету және т.б.

Әлеуметтік педагог жұмысының мақсаты:

- жеке тұлғаны әлеуметтендірудің маңызды шарты ретінде осы ортаның өзгеруін зерттеу және жәрдемдесу;
- баланың жеке басын дамыту үшін (физикалық, әлеуметтік, рухани-адамгершілік, зияткерлік) жағымды жағдайлар жасау;
- баланың әлемді қабылдау және оған бейімделу процесінде өзін-өзі дамытуына және өзін-өзі жүзеге асыруына кешенді көмек көрсету;
- баланы оның өмірлік кеңістігінде қорғау.

Әлеуметтік педагог - ол тәрбиеші емес, сынып жетекшісі, тәлімгер емес, ол белгілі бір нормадағы қызметті үйлестіруші. Әлеуметтік педагогтың негізгі қызмет жүйесін төмендегі кестеде берілді.

Міндеттері	Мазмұны
1. Әлеуметтік-ақпараттық көмек	Балаларды әлеуметтік қамқорлық, көмек және қолдау, сондай-ақ әлеуметтік қызметтер қызметі және олар көрсететін қызметтер спектрі мәселелері бойынша ақпаратпен қамтамасыз етуге бағытталған әлеуметтік-ақпараттық көмек.
2. Әлеуметтік-құқықтық көмек	Баланың құқықтарын сақтауға бағытталған әлеуметтік-құқықтық көмек, балалардың түрлі санаттарына құқықтық көпідіктерді іске асыруға жәрдемдесу, балаларды тұрғын үй, отбасы - неке, еңбек, азаматтық мәселелер бойынша құқықтық тәрбиелеу.

3. Әлеуметтік-оңалту көмегі	Орталықтарда, кешендерде, қызметтерде және басқа да мекемелерде оған мұқтаж балалардың психологиялық, моральдық, эмоциялық жай-күйі мен денсаулығын қалпына келтіру бойынша оңалту қызметтерін көрсетуге бағытталған әлеуметтік-оңалту көмегі.
4. Әлеуметтік-экономикалық көмек	Жәрдемақы, өтемақылар, бір мезгілдегі төлемдер, балаларға атаулы көмек алуға, жетімдерді, балалар үйлерінің түлектерін материалдық қолдауға бағытталған әлеуметтік-экономикалық көмек.
5. Медициналық-әлеуметтік көмек	Ауру балаларды күтуге және олардың денсаулығының алдын алуға, көмелетке толмаған балалардың маскүнемдігінің, нашақорлығының алдын алуға, тәуекел тобындағы отбасылардағы балалардың медициналық-әлеуметтік патронажына бағытталған медициналық-әлеуметтік көмек.
6. Әлеуметтік-психологиялық көмек	Бала дамитын отбасында және микросоциумда қолайлы микроклимат жасауға бағытталған әлеуметтік-психологиялық көмек, үй ортасындағы, мектеп ұжымындағы жағымсыз әсерлерді, қоршаған ортамен қарым-қатынастағы, кәсіби және жеке өзін-өзі анықтаудағы қиындықтарды жою.
7. Әлеуметтік – педагогикалық көмек	Ата-аналардың балаларды тәрбиелеу құқығын іске асыру үшін қажетті жағдайлар жасауға, қараусыз және қадағалаусыздықты тудыратын педагогикалық қателер мен жанжалды жағдайларды жеңуге, балалар тәрбиесінің дамуын қамтамасыз етуге бағытталған әлеуметтік-педагогикалық көмек.

Әлеуметтік педагог жұмыс жасайтын құжаттарды төмендегі папкаларға тіркеледі. Әр папка жаңартылып отырады. Әлеуметтік педагогтың жұмыс папкалары:

1-папка – «Қамқорлық»;

2-папка – «Аз қамтылған отбасылар»;

3-папка – «Мектепішілік есепке алу»;

4-папка – «Бұзақылыққа бейімді топ» папкасы;

5-папка – «Жағдайы нашар отбасы» папкасы;

6-папка – «Бақылауға алу» папкасы;

7-папка – «Бақылауға алынған отбасылар» папкасы;

8-папка – «Картотека» папкасы;

9-папка – «Әлеуметтік педагогқа түскен сұраныстарды тіркеу» кітапшасы;

10-папка – «ПАЗ қолдануға қарсы профилактика» папкасы (ПАЗ – психо-активті заттар);

11-папка – «Ата-аналармен жұмыс» папкасы.

Сонымен қатар әлеуметтік педагог оқушылармен әлеуметтік – психологиялық тренинг жүргізеді.

Әлеуметтік-психологиялық тренинг түсінігін Манфред Форверг енгізген. Ол XX ғасырдың 70-жылдары Манфред Форверг Лейпциг университетінде жұмыс жасап жүріп әлеуметтік-психологиялық тренинг деп аталған топтық жұмыстың әдісін дайындаған. *Тренинг* – тұлғаға әсер ету үдерісін түрлендіруші белсенді топтық әдістердің кешені. Тренингтік топтардың тұлғаның дамуы мен тұлғалық өсуге бағытталған қарым-қатынас жүйесінде жүзеге асырылатын психологиялық әсермен байланысты.

Әлеуметтік-психологиялық тренинг – сөйлесудегі сөйлеу дағдысы мен тұлғалық өсу мақсатында әр түрлі топтардың белсенді әдістерін қолдануға бағытталған тәжірибелі психологияның аумағы. Тренингте ЭПТ мақсаты анықтамасында көрсетілген екі мақсаттардың бірге немесе әрқайсысының жеке-жеке орындалуы мүмкін. Тренинг – бұл топтық пікірталас, рөлдік ойын негізінде адамның ішкі әлеміне әсер ету.

Топтық динамика туралы ілімнің қалыптасуы мен дамуы Курт Левин есімімен байланысты. Бұл ілім XX ғасырдың 30 жылдары дами бастады. Ол кезде педагогика, әлеуметтік жұмыс және медицинаның бір бөлігінде топтық жұмыстың алуан түрі кеңінен пайдаланылды. Әлеуметтік психология саласында қызмет еткен К.Левин шағын топтардың дамуы мен қызметіне көп көңіл бөлді. Жеке алғанда, ол топтық өзарабайланыс мәселесімен айналысты.

С. Кратохвил «топтың бірігуі» дегеніміз топқа қатысушылардың бір-бірімен байланысы деген. *Топтық бірігу* – топ мүшелерінің өзара эмоционалды жақындығы мен топтың қанағаттануын сипаттайтын топтағы тұлғалардың өзара әрекеті мен өзара қарым-қатынасының беріктігі, бірлігі мен тұрақтылығының көрсеткіші. Топтық бірігу психологиялық тренингтің мақсаты, табысты жұмыстың шарты болуы мүмкін. Таныс емес адамдардан жиналған топтың белгілі бір уақыты міндетті түрде топтық мәселелерді шешуге қажет бірігуге жұмсалады.

Әдебиеттер:

1. Касимова Р.С. Әлеуметтік педагогтың жұмыс технологиясы: Оқу құралы. Алматы: ҚазҰУ, 2020. – 200 б.
2. Қасен Г. А. Кудайбергенова А.М. Әлеуметтік-психологиялық тренинг әдістемесі // Қазақ университеті 2011. 247 б.
3. Бакли Р., Кейпл Дж. Тренингтің теориясы мен практикасы. – СПб.: Питер, 2002. – 352 б.

Гендерлік тәрбие беру тарихы

М. АЙТЕЙБАЕВ

XVI ғасырдан бастап «Гендер» ұғымы пайда болды. Алғашында филология ғылымы саласында қарастырылды. Ағылшын тілінен аударғанда ер, әйел деген ұғымды білдіреді. 1958 жылы Лос-Анджелестегі Калифорния университетінде транссексуализмді зерттейтін орталық ретінде ашылды. Осы орталықтардың психоаналитигі Роберт Столлер 1963 жылы «гендерлік ұқсастық» ұғымын ендірген. Гендер әйелдер мен ерлердің қоғамдағы әлеуметтік мәні. Дүниеге келудегі биологиялық мәнінің өмір сүру барысында әлеуметтік мәнінің дамуы. Осы тұрғыда Столлердің 1968 жылы жарық көрген «Пол и гендер» еңбегінің мәні зор. Осыдан кейін бұл ұғым ауқымданып, кең тұрғыда қолданыла бастады. ТМД елдерінде гендер ұғымы 1992 жылдан бастап қолданысқа енген. Алғаш рет «Әйел және әлеуметтік саясат» (Женщина и социальная политика) жинағында айтылған. Психолог ғалым Д. Майерс «Әлеуметтік психология» атты ағылшын тілінен аударған еңбегін жария етсе, С. Шакирова гендер мен дамудың қатынасына байланысты «Гендер және даму» деген тақырыпта мақала жариялады.

Зерттеулерге қарағанда Қазақстанда арнайы гендерлік білім беру 1999 жылдан бастау алды деуге болады. Гендерлік білім беру ешбір кедергісіз жүріп жатқанымен, олар міндетті пәндердің қатарына ендірілмеді. Дегенмен де жоғары мектептердің құрамында гендерлік орталықтар ашылды.

Алғашқы арнайы курс әлеуметтанушылар тарапынан болды Н.У. Шеденова «Гендер социологиясы» курсы оқыды. Гендер – адамдардың өзара келісушілігінен пайда болған жасанды құрылым. Гендерлік ерекшеліктер, немесе қоғамның тарихи даму барысында қалыптасқан ер мүшелеріне, яғни адамдарға қоятын мәдени-әлеуметтік талаптары, ұйғарымдары ел арасында «еркектік», «еркек кіндіктік», «ер мінезділік» және «әйелдік», «әйелзаттылық», «әйел мінезділік» деген атаулармен мінез-құлықтағы, жүріс-тұрыстағы белгілі жұптық қасиеттерді қалыптастырады. Белгілі педагог ғалымдар Г.К. Ахметова, В.Т. Тихомирова, Н.С. Әлқожаева бакалавр бөлімдерінде «Гендерлік білім берудің педагогикалық психологиялық негіздері» деген ғылыми еңбек жазған. Ал Ш.К. Беркімбаева, К.Ж. Қожахметова «Қыздардың «ұл болғысы» келетін және керісінше ұлдардың қыз болғысы келетін тілектер жиі байқалады. Оның түрлі себептері болады (мысалы, әр жыныстың балаларынан байқайтын әлеуметтік, саяси, экономикалық артықшылықтар басқалардың өміріне еліктеуден туады. Қыздар мен ұлдардың сұраныстары мен мүддесіде, әрқалай. Егер олардың өзара қатынасымен қандай да бір құбылыстарға, заттармен оқиғаларға қатынасын қалай білдіретінін бақылауы, балалықтың ертешағынан-

ақ қыздармен ұлдардың арасындағы айырмашылықты бақылауға болады» деп түсіндіреді.

Джон Скот «Гендер» термині қазіргі таңдағы көпшілік қауымға белгісіз болды. Соңғы уақытта гендерлік зерттеулер педагогика ғылымының ажырамас бір бөлігіне айналуға, ал гендерлік мәселе педагогика ғылымының барлық бағыттарында пайда болуда. Әрбір педагогикалық құбылыс өзіндік тәжірибелі даму жолы мен соған сәйкес теориялық негіздемеге ие. Бұл студент жастардың гендерлік тәрбиесіне қатысты. Гендер термині 1975 жылы пайда болды. Осы ретте кейбір идеялар мен әзірлемелерді зерттей отырып, бұл ұғымның педагогикаға да қатысы бар екенін айта аламыз. Студент жастардың гендерлік тәрбие мәселесін заманауи әлеуметтік құбылыс ретінде зерттеу үшін қысқаша оның антикалық кезеңнен бастап даму ерекшеліктеріне талдау жасау керек» дейді.

Джон Локк «Тәрбие жүйесі байлардың балаларының білім алуына ғана бағытталуы керек, дәлірек айтқанда іскер, тапқыр еркекке – джентельменге, оның тәрбиесі отбасына жағдайында арнайы даярланған тәрбиеші қармағында өтуі тиіс» деп есептеген. Болашақ джентельмендерге ол латын, ағылшын, француз тілдерін меңгеруге, философия, математика, география пәндерін үйренуді кеңес берген. Оның ойынша, нағыз леди өз тәрбиесіне сай би, өн салу, өнерді және ақсүйектік әдет пен мінез-құлықты меңгеруі тиіс» деген.

И.Г. Песталоцци: «Балалардың жынысына қарай тәрбиелеу мәселесіне қатысты педагогикалық көзқарастарды қатты сынға алды. Ол жалпыға бірдей білім беру ұстанымын құптады, оның пікірі бойынша тәрбиенің мәні – баланың табиғи даму заңдылықтарына сәйкес туа біткен қабілеттерін дамыту», - деп есептеген. В.А. Сухомлинский жыныстық тәрбиеде ең басты қажеттілік жігіт пен қыз арасындағы үйлесімділік пен өзара сыйластық деп тұжырымдаған. Жыныстық рөлдердің патриархалдық бөліну позициясын ұстанған. Гендерлік психология ерлер мен әйелдердің айырмашылықтарын және ұқсастығын зерттейтін ғылым. Гендерлік психология алты бөлімнен тұрады:

1. Әйел адамдар мен ер адамдарды салыстыру психологиясы;
2. Әйел психологиясы;
3. Ер адам психологиясы;
4. Гендерлік әлеуметтену;
5. Гендерлік қарым-қатынас психологиясы;
6. Гендерлік лидер психологиясы.

Қоғам өзгерген сайын тәрбиенің жаңарып, жаңғырып, өзгеріп отыратыны белгілі. Тәрбие саласының кейбір тұстары өмірден шеттеп, ұмыт бола бастаған шақта, қазақ қыздары тәрбиесінің үздік үлгілерін келешек ұрпаққа жеткізіп, оның тарихи даму жолдарын жете ұғындырса, тәрбиеде кеткен кейбір олқылықтардың орнын толтырып, негізгі қағидаларын тәрбие жұмысына ендіру қазіргі

таңда тәрбие жұмысының мазмұнына ендіру басты міндет болып отыр. Гендерлік мінез-құлық жыныстық тұрғыдан өзгешеленеді. Белгілі бір жағдаятқа ерлер мен әйелдердің көзқарастарында ұқсастық болғанымен де келіспеушілік те басым. Алайда, ер баланың немесе қыз баланың ортасы жыныстық жағынан басым болған топпен үйлесімді болып келеді. Яғни, адам дүниеге келген кезінен бастап жыныстық тұрғыдан қалыптасып, дами бастайды. Қыз бала нәзіктігімен, дауысының жіңішкелігімен, өсе келе ойын түрлерімен, тіпті барлық іс-әрекетімен табиғилығын көрсетеді. Әрине ұл балалар да өзіндік табиғи ерекшеліктерін көрсете бастайды. Олардың ортасындағы ерлердің немесе әйелдердің басымдығы мінез-құлықтың өзгеруіне алып келеді. Таза қыздар ортасында өмір сүрген ұл бала, қыздарға тән қасиеттерді сіңірген болса, қыздар керісінше. Ол қоғамда ұлдарға өзі бір қыз сияқты сыпайы деген болса, қыздарға ол сияқты өрескел қимыл жасайды деп мінездеме берулері дәлел бола алады. Мұны анықталмаған негативті шарттар деп көрсеткен. Гендерлік сезім адамдардың мінез-құлқы сияқты туғаннан кейін жынысына сай іс-әрекеттегі бейнелі көрінісі болып табылады. Мінез-құлық арқылы әрбір адам жағымды, жағымсыз бейнеге енеді. Әрине, бұл тұрғыда мінез-құлықтың өзі жынысқа сай қалыптасады. Халқымызда бұл тұрғыда қыз қылығымен тәтті, қыздың жиған жүгіндей, жібек мінезді, ал ер жігіт сегіз қырлы, бір сырлы болады немесе, ер мінезді, ер атына лайық деген баламалар арқылы бейнелейді. Гендерлік мінез-құлық балалардың ата-анасына қарап, дағды қалыптастыруларына да байланысты дамиды. Сонымен қатар жоғарыда айтып өткендей, оның өмір сүру ортасындағы жыныстық басымдылыққа да байланысты. Бала тәрбиесіне көп жағдайда тек әйелдердің араласуы барысында, әсіресе қазіргі таңда ер балалардың мінез-құлқындағы ұсақтық көрініс береді. Қыз бала үшін адамгершілік талғамдар мен әдеп дағдылары, яғни жеке бастың қалыптасуының барлық әлеуметтік-психологиялық негіздері отбасында қалыптасады. Демек, отбасылық шарттарын, мүмкіндіктерін қарастырмай тәрбие үдерісінде оң нәтижелерге жету мүмкін еместігіне көз жеткізіп, оның тәлім-тәрбие алуда атқаратын педагогикалық негіздерін көрсету бүгінгі өмір үшін өте қажет.

Әдебиеттер:

1. Беркімбаева Ш.К., Қожахметова К.Ж. Гендерлік білім: теориясы мен Тәжірибесі // оқу құралы. – Алматы 2007. 159 б.
2. Шеденова Н.У. Проблемы женской занятости. – М., 1999.
3. Сәдуақасұлы Ә. Дәстүр мектебі. – Алматы, 2003. – 193 б.

Мектеп педагог-психологының кәсіби бағдар беру жұмысын ұйымдастыру ерекшеліктері

Б. АСҚАР,
А. АЗАМАТҚЫЗЫ,
Д. САГИМБАЕВА

Аңдатпа. Мақалада бүгінгі таңда қоғам алдына қойылған негізгі міндеттердің бірі жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру мәселесі қарастырылған. Оқушының саналы түрде мамандық таңдауда кездесетін факторларды және сол оқушының әлемге дұрыс көзқарасының қалыптасуы жолында мектеп педагог-психологтардың бағыт-бағдар берудегі өзекті проблемалар ұсынылған. Жас ұрпақтың болашақта кім болуын, қандай қоғамдық топта болуын, қайда және кімдермен жұмыс істейтінін және өмір сүрудің қай стилін таңдауға кәсіби бағдар беру жолдары қарастырылған.

Кілт сөздер: *Кәсіптік бағдар беру, мамандық, психолог, кәсіби іс-әрекет, оқушы, профориентация.*

Болашақта ел тұтқасын ұстайтын азаматтардың болашақ мамандығын анықтауға бағыт-бағдар беру – бүгінгі күн тәртібінде тұрған маңызды мәселелердің бірі. Кәсіптік бағдар беру дегеніміз – педагогтардың, психологтардың, дәрігерлердің және басқа да қызметкерлердің қоғамның қажеттілігіне қарай әрбір оқушының қабілеттілігі мен бейімділігін ескере отырып, кәсіптік қызығуы мен қабілеттілігін қалыптастыруға және мамандық таңдауға көмектесуде, мақсатты істелетін жұмыс. [1]

Жастар арасында ғылыми қызметкерлер, педагогикалық, инженерлік-техникалық сияқты мамандықтарға қызығушылық баяу өсуде, ол мамандықтардың жастар арасындағы беделі, абыройы әлі де болса өз дәрежесіне көтеріле қойған жоқ. Мұндай келеңсіз құбылыстарды жою үшін ерекше психологиялық әдіс-тәсілдері, жұмыстың мазмұнды және құқықты формалары қажет болып отыр, жоғары сынып оқушыларына шынымен көмек көрсететін, қоғамдағы өз орнын табуға көмектесетін жаңаша тәсілдер мен формалар керек болып отыр. Әр мектептің оқушыларды мамандыққа баулу және кәсіби бағдар беру жұмысының жоспары құрылып, оны жүзеге асыруға психолог қызметінің қосатын үлесі зор. Психолог мамандығы әлдеқайда кешірек қалыптасты, тек біздің уақытымызда ғана ол толығымен дамып, кең танымалдылыққа ие болды. Өз ісінің кәсіби маманы, психолог өзінің білімі мен дағдыларын кәсіптік бағдарлау саласында қалай қолдана алады? Психология өнері - дұрыс сұрақ қою өнері деп саналады. Өмірдің белгілі бір кезеңінде әрқайсымыз: «Мен кім болғым келеді?» деген сұрақ қоямыз. Бірақ,

белгілі болғандай, өмірде өз орныңды табу үшін бұл сұрақ жеткіліксіз.

Мектеп оқушыларына кәсіптік бағдар беруде психолог жұмыстың барлық кезеңдеріне қатыса алады және қатысуы керек: мотивациялық компоненттен бастап мамандық таңдау мен мансаптық жоспар құрудағы психологиялық қолдау. Біріншіден, жоғары сынып оқушыларымен жұмыс жасау кезінде психологтар үшін оқушылардың кәсіби болашағын белсенді құруға ынталандыру, осы таңдаудың маңыздылығы мен жауапкершілігін сезінуге көмектесу маңызды. Ақыр соңында, мамандықты дұрыс таңдау болашақ табыстың кепілі, ең бастысы, адам айналысатын кәсіпке қанағаттану. [2]

Психологтың міндетіне сонымен қатар кәсіп таңдау критерийлеріне оқушының бағыттылығы кіреді. Жетекші критерийлер мен олардың үйлесімдері өте көп болуы мүмкін: жалақы деңгейінен мансаптық өсу жылдамдығына, тұрақтылықтан жайлы еңбек жағдайына, беделден бастап жұмысқа орналасудың қарапайымдылығына дейін. Қазіргі әлемде мамандық таңдау кезінде көбі мамандықтың «рентабельділігін» басшылыққа алады, бірақ кез келген саладағы жақсы, жоғары нәтижелі маман жоғары жалақы ала бермейді.

Мамандық таңдағанда, оқушы тек қазіргі уақытта еңбек нарығында танымал болып отырған нәрсеге назар аудармау қажет. Олар өздерінің күшті жақтарың, жеке қасиеттерің, бейімділіктеріне сүйенуі керек және де өздерінің әлсіз жақтарын да ескеруі тиіс, өйткені әр тұлға өз жүрегі қалап, оған бейімділігі бар қызмет саласында ғана шынымен тиімді бола алады. Осыдан мектеп психологі қызметінің келесі бағыты – психодиагностика жүргізу кәсіби бағдар берудегі басты әдістердің бірі және оқушылардың жеке даралық ерекшеліктерін анықтау мен қызмет түрлеріне икемділігін болжам жасау құралы.

Кәсіптік бағдар беру теориясында оқушылардың кәсіптік бағдарын қалыптастыру мәселесін өз еңбектерінде: А.Е. Голомшток, Л.А. Йовайши, Е.А. Климова, Е.М. Павлютенкова, К.К. Платонов, В.А. Полякова, Н.Н. Чистякова, С.Н. Чистякова қарастырды және оқушыларды өмірге даярлаудың және мамандық таңдаудың тұжырымдамалық ережелерін, шарттары мен педагогикалық технологияларын анықтады. Кәсіптік бағдар берудің теориялық және әдіснамалық негіздерін дамыту бойынша П.П. Блонский, С.И. Вершинин, В.И. Журавлева, Е.А. Климова, Н.Н. Чистякова, С.Т. Шацкий және т.б. атап кетуге болады. [3]

Қазақстан мектептері мен оқу орындарындағы кәсіптік бағдар беру мәселесіне көңіл аударып, зерттеу жүргізіп, еңбектер жазған ғалымдардың көшбастаушысы, бес арыстың бірі – Ж. Аймауытұлы болса, С. Мұқанов, Т. Тәжібаев, М.А. Құдайқұлова, Л.Х. Мәжитова, Ж. Түрікпенұлы, А.П. Сейтешов сынды ғалымдарымыздың осы саладағы зерттеулері жалпы тұлға құрылымындағы кәсіби бағыттылық, мамандық таңдау мен кәсіби бейімділік мәселелеріне арналған. Аталмыш еңбектердің кәсіби бағыттылық проблемаларын шешуде өзіндік ғылыми және практикалық маңыздылығы жоғары болып табылады. Дегенмен, біз өзіміздің магистрлік жұмысымызда қазақ зиялыларының ішінде

Ж. Аймауытұлының бұл бағытта жазылған еңбектерінің еліміздің болашақ ұрпақтары үшін қашан да өз теориялық құндылығы мен тәжірибелік маңыздылығы ұшан-теңіз екендігіне көз жеткізгендей болдық.

Жалпы білім беретін оқу орындарының тәжірибесі көрсеткендей, жоғары мектеп оқушылары болашақ өзін-өзі анықтау технологияларын білмегендіктен, қазіргі нарық жағдайында өз өмірі мен кәсіби жолын жобалай алмағандықтан болашақ мамандығын таңдауда айтарлықтай қиындықтарға тап болады. Түлектер таңдаған мамандықтар, бір жағынан, еңбек нарығының қажеттіліктеріне, екінші жағынан, оқушылардың жеке қасиеттеріне толық сәйкес келмейді. Бұл мәселені шешу білім беру жүйесінде болған өзгерістерді ескере отырып, кәсіптік бағдар беруді ұйымдастырудың жаңа тәсілдерін іздестіруді көздейді: жаңа типтегі білім беру мекемелерінің пайда болуы, көп деңгейлі білім беру бағдарламалары, мамандандырылған оқытуды жүзеге асыру, білім берудің өзгермелілігі және т.б. жасөспірімде жеке білім беру сұранысын, кәсіби қызметті таңдауға жеке қажеттілікті, кәсіби өзін-өзі анықтауға дайындық және жаңа экономикалық және әлеуметтік-мәдени жағдайларда өзін-өзі жүзеге асыруды қалыптастыру.

Психологияда жүргізілген бірқатар зерттеулер бойынша мамандық таңдауда неғұрлым көп кездесетін мотив еңбек мазмұны қызығу, екінші – еңбектің қоғамдық маңыздылығы, үшінші – материалдық қызығушылық, төртінші – адамгершілік, беделі, бесінші – жеке адамның бейімділігіне сәйкестілігі анықталған. [4] Міне осы жайттың ерекшеліктеріне мән берудің маңызының зор екенін көреміз. Жалпы алғанда мамандық таңдау мотивтері оқушылардың жеке дара және жастық ерекшеліктеріне байланысты күрделі ұжымының талаптарына тәуелді. Жоғары Сынып оқушыларының кәсіби айқындалу мотивациясының өзгеру динамикасын құрастыру жастық шақта таңдаған мамандыққа қызығу мотиві жетекші орын алатынын көрсетеді.

Екінші орында үй жағдайының мотивтері мамандықтың қоғамға маңыздылығы тұрады. Есейген сайын мамандыққа деген қызығу жеке адамның өз басының индивидуальды қасиеттері бағалауы күшейе түседі. Мамандық таңдауға әсер ететін мотив жүйесін анықтауды С.А. Крягжде қолға алған. Ол қала және ауыл оқушыларын зерттеу нәтижесінде кәсіби айқындалуға әсер ететін жалпы заңдылықтарды анықтаған. Оқушылардың кәсіби айқындалуына әсер ететін негізгі себептер қызығулар, бейімділіктер және қабілеттер екені анықталған.

Жоғары сынып оқушыларында жиі кездескен басқа да себептерді жақсы табыс, мамандықтың қоғамға маңыздылығын өз бетінше жұмыс жасау, достарымен жақсы қарым-қатынаста болу, денсаулық жағдайлары т.б. ажыратқан. Сонымен мектеп түлектерінің кәсіби айқындалуы кәсіби бағыттылық негізінде де және онсыз да іске асырылуы мүмкін екені айқындалады. Оның болашақта дамуы немесе ЖОО-ның оқу-тәрбие процесіндегі психологиялық-педагогикалық жағдайларға байланысты. Демек мамандық таңдау мотивті болған

кезде де кәсіби айқындаудың табыстылығы туралы толық кепілдік беруге болмайды.

Жоғары сынып оқушыларында мамандыққа деген тұрақты оң көзқарасты қалыптастыру тек қана оқу-кәсіптік немесе кәсіби іс-әрекет барысында жасалады. Сонымен жоғарғы класс оқушыларындағы мамандық таңдау – кәсіби айқындалудың келесі кезеңіне өткендігінің ғана айғағы, одан кейін даму динамикасы басқа жаңа факторлармен анықталады. Мектептегі кәсіби бағдар жүйесінде кәсіби бағыттылықты қалыптастыруды, мотивациялық сферасынан басқа эмоциялық-еріктік және танымдық тұлғалық, индивидуалды саналы қасиеттер сферасының маңызы зор.

Кәсіби бағдардың эмоциялық еріктік компоненті ең алдымен мамандыққа деген эмоциялық қатынасын мамандыққа қанағаттануымен болашақ мамандыққа даярлығынан көрінеді. Кездескен қиындықтарға қарамай іс-әрекетте табысты нәтижелерге жете білу бейімділігі өзінің іс-әрекетке қабілеттілігін жете түсініп, соған дайындығын көрсетеді.

Әр оқушының бойындағы бар шығармашылық көздерін ашу, жаңалыққа деген ұмтылыстарына дем беріп отыру арқылы біз өзіміздің қоғамдағы негізгі міндетіміз – адамзат баласын жаңа сапаға көтеруді табысты шеше аламыз. Психологтың баланы түсінуі – Оның позициясында болуы, сезімдерін бағалап, әрекетін, ісін елеулі түрде қабылдау, ілтипат көрсету. Баланың көңіл құбылысын, жүрек тебіренісін, сезімі мен талпынысын түсінген педагог-психолог баянды тәрбиеге ие болып, білімді жетістікке қол жеткізеді. Оқытуды оқушылардың ішкі күштері мен потенциалдық мүмкіндіктерін жандандыратындай, олардың дамуын жеделдететіндей етіп ұйымдастыру үшін психологиялық білім қажет.

Кәсіби іс-әрекетарнайы білімді талап етеді, яғни сол кәсіпке байланысты қызмет атқаруға қажетті арнайы білім, білік, дағдылар жүйесін меңгеру. Өзін-өзі кәсіби анықтау деген – кәсіби әрекетіндегі тұлғаның дамушылық процесі және өзінің қабілетін, тұлға – психологиялық мүмкіншілігін жүзеге асыру. Ол бір кезеңде болмайды, толық белсенді жұмыс іс-әрекетінде атқарылады. Осы жолда мақсат пен міндеттер қалыптасады. Өзін-өзі кәсіби бекіту – кәсібилік қабілеті, кәсібилік мотивация, кәсібилік өзіндік санасы, мінезінің қасиеті. Ол кезде тұлға әрекетінің стилі қалыптасады, тұлғаның кәсібилігі қалыптасады.

Оқушылардың жетістіктерін көп өлшемді талдау әдісі оқушылардың кәсіптік бағдар беру мақсатында пайдаланылады. Оның негізгі мақсаты – оқушылардың қызығушылығын және қабілеттерін анықтау, білім беру барысында олардың өздігінен жетістікке жетуіне кәсіби талдау жасау. Айына бір рет оқушылар, ата-аналар мен мұғалімдер сынып сағатына жиналады. Әрбір бала өзінің бір айдағы басты жетістігін атайды. Қалған қатысушылар мұны оқушының жетістігі туралы бланкісінде белгілейді және оқу жылының немесе мектептің соңында барлық жазбалар өңделеді және оқушының бейімділік бейіні шығарылады және бейініне сәйкес негізгі және қосымша мамандық таңдалады.

Мектепте психологтың кәсіптік кеңес беру жұмысының мәні, мақсаты

мен міндеті, оқушылардың жас ерекшеліктеріне, педагогикалық ұжым мен психологтың тығыз байланысының өзіндік шарттарына қарай анықталады. Дәстүр бойынша кәсіптік кеңес беруші жұмысында, жеткіншектер мен ересектерге және жұмыссыз тұрғындарға зейінін аударады.

Жасөспірім кәсіптің қиындығын, оның болашақта даму тенденциясымен, медициналық қарсы көрсеткіштері туралы объективті түсінік алуы қажет. Әр түрлі мамандықтағы оқушылармен кәсіптік кездесулер өткізген дұрыс. Ол оқушылардың кәсіптік қызығушылығына, дұрыс ойластырылып және ұйымдастырылған оқушылардың кәсіптік қызығушылығына тікелей әсер етеді. Мұндай кездесудің мақсаты – мамандық түрлерімен дұрыс таныстыру болып табылады.

Мамандық иелерімен кездесуді дайындау процесін сынып жетекшісіне, ата-аналар, оқушылар және басқа да мамандар кіргізіледі.

Оқушыларға қажетті ақпараттарды жинау тапсырылады:

- кәсіп жөнінде жалпы мағлұмат;
- еңбектің санитарлық-гигиеналық жағдайы;
- мамандыққа деген психо-физиологиялық талап;
- кәсіптік қызметтің экономикалық және құқықтық арнайы дайындығы туралы.

Кәсіптік кеңестің ең маңызды компоненттерінің бірі алдын-ала кәсіптік диагностика жасау болып табылады. Алдын-ала диагностикалау жұмысының мазмұны оқушылардың тұлғалық және жан-жақты ерекшеліктерін, олардың қызығушылығын, қабілетін, икемділігін, кәсіптік өлшемің, нерв жүйесінің жеке ерекшеліктерін оқып үйрену.

Кәсіптік диагностикалауда кәсіптік кеңесшінің жұмысының тиімділігі оқушының өз өмірін бағыттарын анықтау белсенділігіне байланысты. Мектептегі алдын-ала кәсіптік диагностикалаудың ең басты міндет – оқушылардың белгілі бір мамандыққа тұлғалық психофизиологиялық қасиеттің сай келуі мен жарамдылығын анықтау болып табылады. Адамның психофизикалық ерекшеліктері – бұл оның психикасының, дамуы, организмнің құрылысын, денсаулық жағдайының ерекшеліктері жатады.

Әрбір адамның өзіндік психофизикалық ерекшеліктері болады. Ол адамдарды белгілі бір кәсіпке дайындығы мен жарамдылығын айтамыз. Тұлғаның ең маңызды ерекшелік, диагностикалауға кіретін құндылық бағдары қызығушылығы, қажеттілігі, икемділігі, кәсіптік өлшемі, кәсіптік бағыттылығы, кәсіп таңдаудағы мотиві, мінез сипаты, темпераменті, денсаулық жағдайы т.б. Кәсіптік диагностикада кәсіптік бағдар беру мақсатына байланысты әр бір оқушыны зерттейді. Осының нәтижесінде мамандықты таңдауды оған баланың дайындығын, ынтасын және қабілетін анықтайды.

Қорыта айтқанда, білім беру саласында оқушыларға кәсіби бағдар жұмысын ұйымдастыру, олардың жеке дара ерекшеліктеріне негізделе отырып, дербес кәсіби қызығуы мен қабілеттері өзін-өзі анықтауға педагогикалық шарттармен қамтамасыз ету, оқушылардың кәсіби

таңдауын жергілікті еңбек ресурстарына бағыттай отырып, сол аймақтың еңбек нарығының қажеттіліктерін қанағаттандыруға қарқынды, үздіксіз педагогикалық жетелеулер мен қолдаулардың құралдарын, формаларын және жаңа әдіс-тәсілдерін мектептің оқу-тәрбие үдерісінде өнімді қолданумен оқушы тұлғасы мен қоғамдық қажеттіліктерді тепе-теңдікте сақтай орнықтыруды мақсат етуі абзал.

Әдебиеттер:

1. Интернет ресурсы: <https://bigox.kz/kasiptik-bagdar-beru-zhumysynyn-zhujesi/>
2. Болашақ талапкердің мамандық таңдауына педагогикалық-психологиялық көмек [Мәтін] / Б.Е. Сабырбай, Ж.М. Зейнуллина // «Бейіндік мектеп» - Қарағанды. – 2012. – Б.1. – С.77 б.
3. Кәсіптік бағдар беру проблемалары [Текст] / С.Ф. Құрымбаев, А.М. Әшімбекова // Орталық Қазақстандағы жоғары педагогикалық білімнің дамуы тарихы міндеттері келешегі ҚР Білім беру саласына еңбегі сіңген қызметкері проф. С.Қ. Досмағамбетовтың 85 жасқа толуына арналған ғылыми-практикалық конференция материалдары. 24 қазан. – Қарағанды. – 2013. – С. 280-281 б.
4. Профессиональная ориентация учащихся. А.Д. Сазонов, В.Д. Симоненко, В.С. Аванесов, Б.И. Бухалов. – СПб., 2003.

Отбасындағы келіспеушіліктердің бала психологиясына әсері

Г. ЖАҢАБЕРГЕНОВА

Отбасылар әр түрлі болады, ол жердегі балалар да түрлі болып келеді.

Отбасылық өмір мәнері жеке адамның қалыптасуына үлкен із қалдырады. «Отбасы қарым-қатынасы» сөзінің де терең мәні бар. Олардан жеке адамның қалыптасуы туралы жылылық пен мейірімділік, рухани жақындық, қарапайымдылықты көруге болады. Дұрыс қарым-қатынас жасау жақсы көңіл-күйдің, психологиялық денсаулықтың, шығармашылық іс-әрекеттің негізі болып табылады. Деструктивті қарым-қатынас – «әр сағат сайын болмыстың бір бөлшегін алып кететін» қатынас. Ол қайырымдылық пен өзара түсіністіктің отбасында болмауы. Бұл жатсынуға, ашуланшақтық пен тұйықтыққа әкеледі. Баланың мінезін дұрыс жаққа өзгерту үшін, ең алдымен ата-ана өзін өзгертуі қажет. Мұны түсіну оңай емес. Олардың ішіндегі ең маңыздысы – бала бәрін тыңдап, орындайтын адамдай қарау. Ата-аналардың отбасындағы тәрбие мәселелері жөніндегі келіспеушілігі, көзқарастарының бір болмауы баланы жеке басында жақсы сапалар қалыптастыруға кері әсерін тигізбей

қоймайды. Үйлесімді өмір сүріп отырған отбасы үнемі балаларының тәрбиесіне көп көңіл аударады. Балаларын өздерінің ойларымен бөлісуге үйретеді, саяси мәселелерді, жаңа фильмдер мен кітаптарды бірлесе отырып талдайды, өздерінің сүйікті әндерін орындайды. Мұндай отбасы тар шеңбер аумағында қалып қоймайды.

Кейбір отбасында баланың жеке басына көңіл бөлінбейді. Ата-ана оның ішкі дүниесіне, қандай нәрсе қызықтыратынына, мақсатына, уайымына, қоршаған ортаға қатынасына назар аудармайды. Мұндай ата-аналар баланың тәрбиелеуі мен жетілу процесін басқаруды дұрыс біле бермейді. Оның ішкі дүниесін түсіну үшін, оның әр жағдайдағы қимылы мен істеген істеріндегі жатқан мотивтерді білуі керек.

1. *Признать существование конфликта*, т.е. признать наличие противоположных целей, методов у оппонентов, определить участников. Практически эти вопросы не так просто решить, бывает достаточно сложно сознаться и заявить вслух, что ты находишься в состоянии конфликта с сотрудником по какому-то вопросу. Иногда конфликт существует уже давно, люди страдают, а открытого признания его нет, каждый выбирает свою форму поведения и воздействия на другого, однако совместного обсуждения и выхода из создавшейся ситуации не происходит.

2. *Определить возможность переговоров*. После признания наличия конфликта и невозможности его решить «с ходу» целесообразно договориться о возможности проведения переговоров и уточнить, каких именно переговоров: с посредником или без него и кто может быть посредником, равно устраивающим обе стороны.

3. *Согласовать процедуру переговоров*. Определить, где, когда и как начнутся переговоры, т.е. оговорить место, сроки, процедуру ведения переговоров, время начала совместной деятельности.

4. *Выявить круг вопросов, составляющих предмет конфликта*. Основная проблема состоит в том, чтобы определить в совместно используемых терминах, что является предметом конфликта, а что нет. Уже на этом этапе вырабатываются совместные подходы к проблеме, выявляются позиции сторон, определяются точки наибольшего разногласия и точки возможного сближения позиций.

5. *Разработать варианты решений*. Стороны при совместной работе предлагают несколько вариантов решений с расчетом затрат по каждому из них, с учетом возможных последствий.

6. *Принять согласованное решение*. После рассмотрения ряда возможных вариантов, при взаимном обсуждении и при условии, что стороны приходят к соглашению, целесообразно это общее решение представить в письменном виде: резолюции, договоре о сотрудничестве и т.д. В особо сложных или ответственных случаях письменные документы составляются после каждого этапа переговоров.

7. *Реализовать принятое решение на практике*. Если процесс совместных действий заканчивается только принятием проработанного и согласованного решения, а дальше ничего не происходит и не меняется, то такое положение может явиться детонатором других, более сильных и продолжи-

тельных конфликтов. Причины, вызвавшие первый конфликт, не исчезли, а только усилились невыполненными обещаниями. Повторные переговоры проводить будет намного сложнее.

Практические материалы

Упражнение «Претензии». Разделите лист пополам. Слева напишите: «Люди, которыми я недоволен» (это могут быть: ближайшее социальное окружение (администрация, педагоги, родственники), знакомые, сокурсники, друзья, мужчины, женщины, все человечество и т.п.). Справа: «Претензии». Обязательное условие — претензии должны быть конкретными, а не общим выражением эмоций («Брат не дает свой телефон», а не «Брат — жадина»). Чтобы принять и простить людей, надо понять, чем они нас не устраивают. Иначе дуться можно до бесконечности, пока не лопнешь, — лучше перестать считать, что окружающие что-то вам должны и принять ситуацию, как она есть.

Методика оценки поведения в конфликте.

Инструкция:

Для оценки ваших психологических особенностей вам предлагается в каждой из 30 пар суждений, выбрать то, которое является наиболее типичным для вас, точнее характеризует ваше обычное поведение в конфликте. Отметьте выбранные варианты.

Утверждения повторяются, но каждый раз в новом сочетании. Иногда выбор сделать трудно, но все равно необходимо. Долго думать не следует.

1. а. Иногда я предоставляю возможность другим взять на себя ответственность за решение спорного вопроса.

б. Чем обсуждать то, в чем мы расходимся, я стараюсь обратить внимание на то, с чем оба не согласны.

2. а. Я стараюсь найти компромиссное решение.

б. Я пытаюсь уладить дело с учетом интересов другого и моих собственных.

3. а. Обычно я настойчиво стремлюсь добиться своего.

б. Я стараюсь успокоить другого и, главным образом, сохранить наши отношения.

4. а. Я стараюсь найти компромиссное решение.

б. Иногда я жертвую собственными интересами ради интересов другого человека.

5. а. Улаживая спорную ситуацию, я все время стараюсь найти поддержку другого.

б. Я стараюсь сделать все, чтобы избежать бесполезной напряженности.

6. а. Я стараюсь избежать возникновения неприятностей для себя.

б. Я стараюсь добиться своего.

7. а. Я стараюсь отложить решение спорного вопроса, с тем, чтобы со временем решить его окончательно.

б. Я считаю возможным в чем-то уступить, чтобы добиться другого.

8. а. Обычно я настойчиво стремлюсь добиться своего.

б. Я первым делом стараюсь ясно определить то, в чем состоят все затронутые интересы и вопросы.

9. а. Думаю, что не всегда стоит волноваться из-за каких-то возникающих разногласий.

б. Я предпринимаю усилия, чтобы добиться своего.

10. а. Я твердо стремлюсь достичь своего.

б. Я пытаюсь найти компромиссное решение.

11. а. Первым делом я стараюсь ясно определить то, в чем состоят все затронутые интересы и вопросы.

б. Я стараюсь успокоить другого и, главным образом, сохранить наши отношения.

12. а. Зачастую я избегаю занимать позицию, которая может вызвать споры.

б. Я даю возможность другому в чем-то остаться при своем мнении, если он также идет мне на встречу.

13. а. Я предлагаю среднюю позицию.

б. Я настаиваю, чтобы было сделано по-моему.

14. а. Я сообщаю другому свою точку зрения и спрашиваю о его взглядах.

б. Я пытаюсь показать другому логику и преимущества моих взглядов.

15. а. Я стараюсь успокоить другого и, главным образом, сохранить наши отношения.

б. Я стараюсь сделать все необходимое, чтобы избежать напряженности.

16. а. Я стараюсь не задеть чувство другого.

б. Я пытаюсь убедить другого в преимуществах моей позиции.

17. а. Обычно я настойчиво стараюсь добиться своего.

б. Я стараюсь сделать все, чтобы избежать бесполезной напряженности.

18. а. Если это сделает другого счастливым, я дам ему возможность настоять на своем.

б. Я даю возможность другому в чем-то остаться при своем мнении, если он также идет мне на встречу.

19. а. Первым делом я стараюсь ясно определить то, в чем состоят все затронутые интересы и спорные вопросы.

б. Я стараюсь отложить решение спорного вопроса, с тем, чтобы со временем решить его окончательно.

20. а. Я пытаюсь немедленно преодолеть наши разногласия.

б. Я стараюсь найти наилучшее сочетание выгод и потерь для нас обоих.

21. а. Ведя переговоры, я стараюсь быть внимательным к желаниям другого.

б. Я всегда склоняюсь к прямому обсуждению проблемы.

22. а. Я пытаюсь найти позицию, которая находится посередине между моей позицией и точкой зрения другого человека.

б. Я отстаиваю свои желания.

23. а. Как правило, я озабочен тем, чтобы удовлетворить желания каждого из нас.

б. Иногда я представляю возможность другим взять на себя ответственность за решение спорного вопроса.

24. а. Если позиция другого кажется ему важной, я постараюсь пойти навстречу его желаниям.

б. Я стараюсь убедить другого прийти к компромиссу.

25. а. Я пытаюсь показать другому логику и преимущества моих взглядов.

б. Ведя переговоры, я стараюсь быть внимательным к желаниям другого.

26. а. Я предлагаю среднюю позицию.

б. Я почти всегда озабочен тем, чтобы удовлетворить желания каждого из нас.

27. а. Зачастую я избегаю занимать позицию, которая может вызвать споры.

б. Если это сделает другого счастливым, я дам ему возможность настоять на своем.

28. а. Обычно я настойчиво стремлюсь добиться своего.

б. Улаживая ситуацию, я обычно стараюсь найти поддержку у другого.

29. а. Я предлагаю среднюю позицию.

б. Думаю, что не всегда стоит волноваться из-за каких-то возникающих разногласий.

30. а. Я стараюсь не задеть чувств другого.

б. Я всегда занимаю такую позицию в споре, чтобы мы совместно с другим заинтересованным человеком могли добиться успеха.

Обработка и интерпретация результатов

Выраженность формы поведения обследуемого в конфликтной ситуации определяется по количеству выделенных им суждений, являющихся проявлениями того или иного стиля.

Соревнование – 3а, 6б, 8а, 9б, 10а, 13б, 14б, 16б, 17а, 22б, 25а, 28а.

Приспособление – 1б, 3б, 4б, 11б, 15а, 16а, 8а, 21а, 24а, 25б, 27б, 30а.

Компромисс – 2а, 4а, 7б, 10б, 12б, 13а, 18б, 20б, 22а, 24б, 26б, 29а.

Избегание – 1а, 5б, 6а, 7а, 9а, 12а, 15б, 17б, 19б, 23б, 27а, 29б.

Сотрудничество – 2б, 5а, 8б, 11а, 14а, 19а, 20а, 21б, 23а, 26б, 28б, 30б.

По количеству совпадений можно сделать вывод о типичной для участника форме поведения в конфликте относительно других форм.

Памятка «Способы поведения в конфликтных ситуациях»

– давление (настойчивость, принуждение, агрессивность, использование власти, достижение своей цели любым способом);

– уход (уклонение от конфликта);

– подчинение (приспособление, уступчивость, отказ от борьбы, от своих интересов);

– компромисс (взаимные уступки, «половинчатые решения»);

– сотрудничество (учесть законные интересы друг друга и найти взаимоприемлемое решение).

Практическое занятие «Составить модель поведения в конфликте»

Предлагаются таблички с мини-вариантами: «говорить тихо», «не спорить с оппонентом», «первым начать драться», т.д. (до 40 шт., в зависимости от количества участников). Необходимо выбрать те, которые помогут составить адекватную модель поведения при конфликте.

Практическое занятие «Составить характеристику конфликтной личности»

Пример характеристики конфликтной личности. Конфликтный человек обычно:

- не думает о других, не понимает их нужды и интересы, заботится лишь об удовлетворении своих потребностей;
- действует напролом;
- часто подтасовывает факты;
- ищет слабое место в позиции оппонента;
- считает, что отступление ведет к потере лица;
- использует тактику «затыкания рта»;
- считает себя знатоком;
- маскирует свои намерения (голосом, манерами);
- считает, что выигрыш в аргументах очень важен;
- отказывается от дискуссии, если она не в его пользу.

Практическое занятие «Проанализировать конфликт по заданной ситуации» Ситуации берутся из жизненного опыта воспитанников.

Мұғалім мен оқушы арасында жағымды психологиялық қарым-қатынас орнату

М. ЖАНДЫБАЕВА

«Мінез-құлық – әркім өзінің кейпін көрсететін айна» деген И. Гетенің қағидасына үңілсек, қарым-қатынас мәселесі – әлеуметтік психологияның негізгі проблемалары екендігін айта аламыз. Мұғалім мен оқушылар арасында кейде бірін-бірі жете түсінбей өзара келіспеушілік сияқты қолайсыз жайттар кездеседі. Жалпы, оқушылармен қарым-қатынасқа түсіп жүрген мектеп мұғалімдерін екі топқа бөліп қарастыра аламыз:

Бірінші топтағы мұғалімдер қай жастағы оқушылармен болмасын қарым-қатынасқа оңай түседі.

Оның өзіндік себептері:

- Өз сыныбындағы әр баланың психологиясын өте жақсы білуінде;
- Баланың ішкі жан дүниесін оятатындай жылы сөздер айтуында;
- Мұғалімнің этикасы мен психологиясының дұрыс қалыптасуында;

- Мұғалім сөзінің тәртіптілігінде, жүйелігінде, анықтылығында, нақтылығында;

- Оқу-тәрбие үрдісінде мұғалімнің бірнеше қарым-қатынастың түрлерін пайдалана білуінде.

Екінші топтағы мұғалімдердің оқушылармен қарым-қатынасқа түсуі қиын. Оның себептері бірінші топта көрсетілген себептерге қарама-қарсы. Олар:

- Авторитарлық стильді пайдалануы;
- Оқушыларға салқындық танытуы;
- Әлеуметтік жағынан бөлуі;
- Іс-әрекет, ойың, сөзін әділ бағаламауы;
- Бала бойынан үнемі кемшіліктер іздеуі, оны жариялауы.

Оқушылармен дұрыс қарым-қатынас жасауда кедергі келтіретін аталмыш қиындықтардың пайда болуының мынадай өзіндік себептері бар:

- Қазіргі балалардың көпшілігі – акселераттар. Психикасы тез дамыған балалар сұрақ қойғыш, тез қозғалғыш, бәрін білгісі келіп, қарым-қатынасқа тез түсіп отырады. Бұндай топтың балаларын кей мұғалімдер тежейтіні жасырын емес. Мысалы: «Тыныш отыр», «Немене бәрін білесің бе?» т.б педагогикаға жатпайтын сөздер айтылады.

- Оқу үрдісінде кейбір мұғалімдер тек өздері сөйлеуді ұнататындығы жасырын емес. Өйткені, уақытты пайдаланам деп тек мұғалім өзі сөйлеп, баланың айтатын сөзіне кедергі келтіріп, оның ойымен, пікірімен санаспайды. Яғни, оқу үрдісінде кейде диалогтың жоқ екендігі де жасырын емес.

- Оқушылардың іс-әрекеттерін әділ бағаламау – жиі кездесетін құбылыс. Осының негізінде қарым-қатынас барысында мұғалім мен оқушы арасында дау-жанжал болып жатады.

Бұл мәселе оқу процесіндегі қарым-қатынаста негізгілердің бірі. Сондықтан оқушылармен өзара түсіністікті анықтап алмайынша нәтижеге жету екіталай.

Мұғалім мен оқушының арасында қарым-қатынасты қалай орнатуға болады?

- Өзара келісілген іс-әрекет ұйымдастыру.
- Эмоциялық қарым-қатынас қалыптастыру.
- Оқушының психологиялық қасиеттерін зерттеу.
- Ортақтасу барысында оқушыға сенім білдіру.
- Мұғалім өзін, оқушының өзін-өзі таныту.
- Оқушыға қатесін түзеуге мүмкіндік беру.

I. Өзара келісілген іс-әрекет ұйымдастыру.

Оқушы мен мұғалім өзара қарым-қатынаста тиімді іс-әрекет ұйымдастыру үшін алдағы іс-әрекеттерді жоспарлайды. Іс-әрекеттің нормаларын анықтау керек. Мысалы, мұғалім «сен сабаққа үш рет кешіксең ата-анаңа хабарласам». Оқушы «сынып ішінде мәселемді талқыламауыңызды сұранамын» деген сияқты ортақ келісім тиімді әсер етеді.

II. Эмоциялық қарым-қатынас қалыптастыру.

Оқушылар мен мұғалімнің қарым-қатынасында эмоциялық

жағынан түсіну жетпей жатады. Егер мұғалімнің көзінен оқушыға деген жанашырлық пен мейірімділік сезіліп тұрса, қатал талапты да қабылдай алады. Егер мұғалім оқушыға жанашыр болып көрінгенмен бет қимылы, қол қимылы, дене қимылы, жүрісі, сыртқы бейнесі, дауысы мен сөзінің ерекшеліктерімен оқушымен қарым-қатынаста жақтырмайтын эмоциялық сезімдері шектеулі екені байқалып қалады. Оқушылармен қарым-қатынаста олардың шашын сыйпау, арқасын қағу өзара эмоциялық қарым-қатынасты жақсартады. Сонымен бірге оқушыға басты изеу, бет және көз қимылы маңызды.

III. Оқушының психологиялық қасиеттерін зерттеу.

Оқушымен жақсы ортақтасу қарым-қатынасын орнату үшін психологиялық тұрғыдан зерттеу өте тиімді. Оқушының өзін-өзі бағалауын, эмоционалдық көңіл-күйін, сыныптағы беделін, отбасылық қарым-қатынасын, әлеуметтік жағдайын анықтап барып, тиімді іс-әрекетке көшуге болады.

IV. Ортақтасу барысында оқушыға сенім көрсету.

Оқушыға тұрақты жылы сезім қалыптастыру оған достық және сүйіспеншілік сезімдеріне негізделген қарым-қатынас орнатуға ықпал етеді. Өзіне жиі сенбейтін, қателіктерді жиі қайталайтын оқушы үшін ең тиімді әдіс – мадақтау және сенім білдіру. Бұл оқушыларға қатал талап еткеннен гөрі кішкене де болса, сенім білдіру жақсы нәтиже көрсетеді. Мұндай оқушылар өзіндік бағасы төмен болғандықтан қатал талап етсе, мүлдем тұйықталып немесе дау-дамайға бейім болады. Дау-дамай баланың өз қабілетінен жоғары талап еткеннен пайда болады. Мұндай оқушыларға өз қабілетіне қарай аз тапсырмадан бастау керек. Оқушыны аз болса да өз уәдесін орындағаны үшін мадақтаған жөн. Сенім білдіру оқушыларды жігерлендіре түседі, осы тәсілдер арқылы талап деңгейін де сенім білдіре отырып көтеруге болады. Қиын қыстау кезеңде оған сенім білдіру, қолдау көрсету, тығырықтан шығуға көмектеседі.

V. Мұғалім өзін, оқушының өзін-өзі таныту.

Мұғалім өзін, оқушының өзін-өзі тану – қарым-қатынаста негізгі мәселелердің бірі. Көп жағдайда мұғалім оқушының мұндай іс-әрекетті не үшін жасап тұрғанын жан-жақты талдамайды да жоқ ақпаратты өз жорамалымен толтырады. Солай шешім шығарып, іс-әрекетке көшеді. Мұндай қарым-қатынас бәрімізге кері әсер ететіні белгілі. Кейбір әділ мұғалімдер әр уақиғаның іс-әрекеттің нақты себепшісін іздеп табады, әділ шешім шығарады. Кейбір мұғалімдер бүкіл жауапкершілікті өз мойнына алғысы келмейді. Оқушыға өзін-өзі таныту үшін мұғалімнің шеберлігі өте маңызды. Кейбір оқушылар өзін ешқашан кінәлі сезінбейді. Мысалы, кеше сабаққа келмегендіктен сабақ оқымағанын алға тартады. Оқушы егер жетістікке жетсе, себепкер өзі деп санайды да, жеңілістің себебін жағдайға сілтей салады. Мұндай оқушыларға мұғалімдер өзін танытуға ықпал ету қарым - қатынаста ортақ тіл табысуға жетелейді.

VI. Оқушыға қатесін түзетуге мүмкіндік беру.

Мұғалімнің санасында идеал оқушының бейнесі қалыптасады. Мұндай оқушы мұғалімнің еңбегін жемісті етеді. Мысалы, жақсы оқиды,

тәртіп бұзбайды, сөзді екі етпейді. Осындай оқушыларды мұғалімдер жоғары бағалайды. Ал үлгерімі төмен оқушы – мұғалімнің ұнамсыз сезімдерінің қайнар көзі. Мұғалім мұндай оқушыларды эмоциялық қарым-қатынасымен де басып тастап отырады. Мұғалім оқушылармен қарым - қатынаста жақсы оқушыларды жиі тақтаға шақыртып, белсенді қолдап отырады, оларға жаңа сабақты түсіндіруде 10-15 минут уақыттарын жұмсауға да бар. Ал үлгерімі төмен оқушыға келгенде аз уақыт беріп ым-ишара арқылы «сен не білуші едің» деп көрсетіп тұрады. Жабық қарым-қатынас жасайды және өз уақытының көбісін үлгерімі төмен оқушылардың құрбаны ретінде қабылдайды. Мұндай қарым-қатынастан кейін оқушы бағасы төмендеп әлсіз, қабілетсіз деп санап кейде өзін жек көруге дейін жетеді. Керісінше жылы сезім, жақсы сөз, мақтау мен мадақты жиі еститін бала өз күшіне сеніп, үлкендердің үмітін ақтауға тырысады. Жақсы оқитын оқушыны жиі мақтайды, ал үлгерімі төмен оқушыға «тағы да білмей тұрсың ба?» деген көзқарас танытады. Зерттеулер бойынша егер үлгерімі төмен оқушыны қолдаса, оған үлкен үміт артса, нәтижені күтсе, жақсы нәтиже береді. Демек, оқушымен мұғалімнің арасындағы қарым-қатынаста қатесін түзетуге мүмкіндік беру, қолдау, үміт арту, сенім білдіру жақсы нәтижеге алып келеді.

Жас педагогтарға психологиялық қолдау көрсету

Б. БАТЫРФАЛИЕВА

Мақсаты: жас мамандарға психологиялық қолдау көрсету, мұғалімдерде оқу жылы басында кездестін күйзелістердің алдын алу, өзін-өзі тануына деген қызығушылықтарын және өнімді еңбек етуге деген құлшыныстарын арттыру, ұжымда психологиялық жағымды атмосфера қалыптастыру

Қажетті құралдар: компьютер, жағымды әуен, мақалдар жазылған қағаздар, жүрекшелер.

Жүру барысы:

1. Кіріспе;
2. «Таныстыру» жаттығуы;
3. Жас мамандарға кеңес;
4. «Жұлдызды сәт» жаттығуы;
5. Тест-релаксация;
6. «Сыйлық» жаттығуы;
7. Кері байланыс;
8. Қорытынды.

Кіріспе. Қатысушыларға тренингтің мақсаты және топ ережесі таныстырылады.

Топтың ережесі:

- Қысқа сөйлеу;
- Сол мәселеге қатысты өз ойын айту;
- Ішкі сезімімен бөлісу;
- Басқаларды тыңдай білу.

«Таныстыру» жаттығуы.

Мақсаты: жеке тұлғаның өзіндік танымына, өзін-өзі айқындауына, қарым-қатынас іскерлігін арттыруға бағыт беру.

Жүру барысы: қатысушылар дөңгелеке отырады. Кезекпен-кезек әр қатысушыға өзін-өзі таныстыруға уақыт беріледі. Таныстыру барысында әр қатысушы аты-жөнін, жасын, қызығып айналысатын әрекетін, өмірлік мақсатын, арман-тілегін, өмірде нені жоғары қоятынын айтуы тиіс. Өз еркіне қарай мақсаты мен арманының орындалуы үшін қандай әрекеттер орындау үстінде және орындайтынын айтады. Осылайша барлық тренингке қатысушылар өз-өздерін таныстырады.

Жас мамандарға кеңес:

Құрметті жас ұстаз! Сіз мұғалімдер қатарына кірдіңіз. Сіздің алдыңызда шығармашылық жұмыстың қуанышы күтіп тұр. Сонымен қатар көптеген қиындықтар кездеседі. Оларды жеңуге Сізге көмек беріледі. Алайда көп нәрсе Сіздің жұмысқа ізденісіңізге, рухыңыздың сергектігіне, ақ жүректілігіңізге байланысты.

Біз сізге төмендегі кеңестерді ұсынамыз:

Мұғалім деген ардақты атты қорғаңыз. Есіңізде ұстаңыз, оқушының тұлғасы мұғалім тұлғасымен тәрбиеленеді. Үнемі оқу, өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылыс-ұстаздық жұмыстың басты шарты;

Мұғалімнің білімі неғұрлым кеңірек болса, соғұрлым ол тұлға ретінде қызығырақ болады. Сол кезде оның балаға ықпалы жемісті;

Өз оқушыларыңыздың тұлғасын құрметтеңіз. Олардың адамгершілік қасиеттерін қорғаңыз және дамытыңыз. Оларға жасы үлкен дос болыңыз;

Оқушының жетістіктерін балалардың қатысында атап өткен жөн. «Өзіңізді билей» біліңіз, оқушыларға дауыс көтеруге жол бермеңіз. Оқушының тұлғасын тереңірек түсінуге тырысыңыз. Баланың ата-анасымен танысыңыз, оның қызығушылығымен, талап-тілектерін біліңіз, оны қолдаңыз. Тәрбие жұмысында ата-ананы одақтас қылуға ұмтылыңыз.

Үнемі тіл мәдениетімен, мәнерлілігімен жұмыс жасаңыз.

Ұйымдастырушылық мүмкіндіктеріңізді дамытыңыз. Мұны күнделікті өмірде жасау қажет, қоғамдық тапсырмаларды орындау барысында, әсіресе, ұжымдық жұмысты ұйымдастыруда.

Жас ұстазға сабаққа қалай дайындалу керектігі жөнінде кеңестер:

Осы сабақта оқытылатын бағдарламаның бөлімін мұқият оқыңыз;

Осы бөлімге, сұраққа, тақырыпқа қатысты ғылыми материалдарды оқыңыз;

Осы сыныптың ұжымын, нақты оқушыларды ойша елестетіңіз;

Сабақтың тәрбиелік, білімділік мақсаттарын айқындаңыз. Осы міндеттерге байланысты сұрақтарға жауап жазыңыз. Сабақ нәтижесінде Сіз неге қол жеткізгіңіз келетінін ойлаңыз;

Осы нәтижеге оқушылардың жайын елестетіңіз;

Сабаққа ең нәтижелі әдістемелік әдістерді таңдаңыз;

Таңдаған әдістерді өз мүмкіншіліктеріңізбен салыстырыңыз, осы сабақтағы өз іс-қимылыңызды жобалаңыз;

Сабақтың жалпы құрылымын ойша құраңыз;

Тапқандарыңыздың бәрін сабақ жоспарына еңгізіңіз;

Ішіңізден немесе сыбырлап сабақтың оқу материалдарының басты элементтерін қайталаңыз.

Өзіңнен сұра: «Сен сабаққа дайынсың ба?»

«Жұлдызды сәт» жаттығуы

Мақсаты: мұғалімнің шығармашылық қабілетін дамыту.

Жаттығудың мазмұны: қатысушылар мақал-мәтелдер жазылған парақты суырып, ойланбастан сол мақалдың мағынасын ашу.

Басты талап: сол мақалға қатысты қызықты педагогикалық жағдаяттарды ойластыру немесе өз тәжірибесінен сәйкес келетін жағдайларды естеріне түсіріп айту.

Мақал-мәтелдер:

Не ексең соны орасың; Жеті рет өлшеп, бір рет кес; Білімді мыңды жығады, білімсіз бірді жығады; Ұстазы жақсының ұстанымы жақсы; Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға.

Тест-релаксация көк түсті құс.

Бірде бір көк құс байқаусызда ұшып келіп сіздің терезеңізге соқтығып, тұзаққа түсіп қалады. Бұл құстың тартымдылығы сонша, оны өзіңізге қалдыруды ұйғардыңыз. Бірақ, бір таңқаларлығы – келесі күні құс түсін өзгертеді, яғни көк түстен сары түске боялады. Бұл өте ерекше құс екен, әр түн сайын түсін өзгертіп отырады: үшінші күні таңертең ол алқызыл түске, ал төртінші күні – тұтастай қара түске өнеді. Бесінші күні сіз ұйқыдан оянасыз құс қандай түске боялған екен?

Құс түсін өзгертпейді, ол қара түсімен қала береді. Құс өзінің алдыңғы көк түсіне қайта оралады. Құс ақ түске өнеді. Құс алтын түске өнеді

Тест кілті:

Сіздің бөлмеңізге ұшып келген құс сәттілік символы сияқты болғанымен, оның түсінің өзгеруі бақтың да баянсыз екенін білдіріп, сізді біраз қобалжытады. Сіздің осы жағдайға деген әрекетіңіз – шындық өмірдегі белгісіздіктер мен қиындықтарды қалай жеңетініңізден де көрінеді.

1. Құс түсін өзгертпейді, ол қара түсімен қала береді дегендер, өмірге пессимистік көзқараспен қарайды.

Сіз бір қиындаған жағдайды енді түзеуге келмейді деп ойлайсыз ба? Немесе бәрі нашар, енді бұдан қиын ешнәрсе болуы мүмкін емес деген жағдайда тыйылмайтын жаңбыр болмайды, бұл түннен кейін де жарығын шашып та келетінін есіңізден шығармаңыз.

2. Құс өзінің алдыңғы көк түсіне қайта оралады дегендер – нағыз оптимистер.

Сіз өмір жақсы мен жаманның бірігуінен тұрады және бұл шындықпен күресу бос әурешілік деген ойдасыз. Қиындықтарды сабырлы қабылдайсыз және еш күйзеліссіз не қобалжусыз әр нәрсенің өз орнымен өтуіне мүмкіндік бересіз. Бұл көзқарас сізді өмірдің қиындық толқындарынан аман-сау

өтуіңізге және оның сізді өзімен бірге алып кетпеуінен қорғайды.

3. Құс ақ түске өнеді дегендер қиындық жағдайда өздерін сабырлы ұстайды және шешім қабылдай алады.

Қандай кризистік жағдай болмасын сіз шешімсіздік пен көңіліңіздің толқуына жол бермейсіз.

Егер жағдай соншалықты қиындап кетсе, бұл пайдасыз ісіңізді тоқтатып, өз мақсатыңызға жетудің басқа жолын іздестіресіз. Мұндай қатынас барлық нәрсе өз орнымен және сіз ойлағандай жүзеге асып жатқанын көрсететіндей болады.

4. Құс алтын түске өнеді дегендер – еш нәрседен қорқуды білмейтін батырлар.

Қысым дегеннің не екенін білмейсіз. Сіздің ойыңызша әрбір кризистік жағдай – өте қолайлы мүмкіндік. Сізді «Француздарда «Мүмкін емес» деген сөз жоқ!» деген Наполеонмен теңестіруге болады. Бірақ абай болыңыз батырлық пен көзсіз батырлықтың арасы бір тұтам, өз-өзіңізге деген сенімділігіңіз сізді жарға соғып жүрмесін.

«Сыйлық» жаттығуы.

Мақсаты: топ ұйымшылдығын, эмпатия сезімін дамыту, жағымды көңіл-күй қалыптастыру.

Нұсқау: мына жердегі жүректерді алып, ішіне «Мен саған мынау жүректі сыйлаймын, өйткені сен ең ...» деп жазып, қасыңыздағы көршіңізге сыйлаңыз.

Кері байланыс: қатысушыларды шеңберге жинап, жұмсақ ойыншық көмегімен бір-біріне тілек айту ұсынылады және тренингтен алған әсерлерімен бөлісу сұралады.

Қорытынды: Үмбетбай Уайдиннің «Тұрыңыздар, келе жатыр мұғалім!» атты өлеңін оқып, ұстаздарға жаңа оқу жылына табыс тілеп, тілек айту.

Мұғалімдерге арналған тренинг сабақ

А. ӘУЕЛБЕКОВА

Мақсаты:

1. Әріптестермен жақсы қарым-қатынас жасауға, кездейсоқ жағдайлардан шыға білетін эмоциясын ситуацияға пара-пар етіп көрсете білу іскерлігін қалыптастыру;

2. Эмоционалдық тұрғыда көңіл-күйлерінің орнығып, жұмысқа қабілеттерін арттыру;

3. Психологиялық кеңестер беру.

1. Сәлемдесу «Жүректен-жүрекке».

Мұғалімдер алма парақтарына қатысушыларға жақсы тілектер жазады. Сосын шеңбер бойына тұрып, өз жылуын сездіріп, бір-бірінің қолына алақандарын тигізіп, тілектерін оқиды.

«Сиқырлы қобдиша» жаттығуы: Қобдишаны бір-біріңнің қолдарыңа

бересіздер, қобдишаны алған адам оны ашып ішіне қарайды.

Оның ішінде кішкентай өзеннен сіздер жан-жақты және қайталанбайтын бейнені көресіздер. Оған күліп қарауларыңыз керек.


Тренер талдау: жан-жақты және қайталанбайтын бейне деген сөзді қалай түсінесіздер?

- Сіздер ол бейнеге күліп қарағанда, ол сізге қалай қарады?

- Қобдишаның ішінен қандай құпияны күттіңіздер?

- Демек, біз, сіз, әрбір адам өз алдына жан-жақты қайталанбайтын дүние екен. Ендеше сіздердің «сиқырлы қобдишадан» күткен құпия сырларыңыз сияқты, мен сіздермен құпия ойындар мен тапсырмаларға толы тренингімізді бастаймын.

2. Сіздерге алдымен осы ұстаз жолында қалай келе жатқандарыңызды білу мақсатында тест ұсынғым келіп отыр «Өмір дөңгелегі»



Берілген шеңбердегі радиустары бойынша ондық шкаламен 10 бөлікке бөліп, өз деңгейлеріңізді белгілеп, сол нүктелерді түзу арқылы қосып шығасыз. Сол қосылған сызықтар арқылы Сіздің өмір дөңгелегіңіздің сұлбасы шығады. Егер кішкентай немесе қисық болған жағдайда, төмен шкаланы жоғарылату мақсатында өзіңізді әрі қарай шыңдау жұмыстарын жасауыңыз керек деп түсініңіз.

3. «Жұбынды тап» ойыны;

Ұстаздарды үш топқа бөлу мақсатында ойын ойнатылады.

Ұстаздарға 2 бірдей сурет таратылады. Барлығы бір суреттен таңдап әуенге билейді, әуен тоқтағанда ұстаздар жұптарын табу керек.

4. «Моншақ» жаттығуы: (3 топқа да, алдын ала стол үстіне 3 ине мен жіп беріледі)

Тренер сөзі: Нұсқау: менің қолымдағы моншақтан өздеріңіз қалағандарыңызша алыңыздар.

Енді алған моншақтың санына қарай өз есіміңізді атай отырып, жақсы қасиеттеріңізді атаңыз. Олай болса мына Ине жіпке жақсы қасиеттеріңізді тізіп көрейік. Әр топ өздеріне моншақ жасап алады.

Тренер талдау: Көрдіңіздерме осы жақсы қасиеттерді біріктіре отырып, сіздер әлі талай шыңдардан көрінетіндеріңізге мен де, сіздер де сенімдісіздер. Бір-бірімізге қол соғып қоямыз. Рахмет, келесі тапсырмаға көшеміз.

5. Құрметті ұстаздар біздің әрбір айтқан жылы сөзіміз дерекі сөзіміз, мүлде мән бермеген балаларымыз қандай болатыны жөнінде ролик тамашаласақ.

6. Орындыққа жайлы отырып, денемізді бос ұстаймыз, демімізді мұрнымызбен ішке тартып, демді сыртқа шығарар кезде қатты бар дауыспен.

• «А» – дыбысын айтыңыз. Ол бүкіл денеңіздің сауығыуына көмегін тигізеді;

- «Е» – қалқанша без жұмыстарына әсер етеді;
- «И» – миға, көзге, мұрынға, құлаққа әсер етеді;
- «О» – жүрекке, өкпеге әсер етеді;
- «У» – асқазан маңындағы ағзаларға әсер етеді;
- «Я» – барлық ағзаның жұмыс істеуіне әсер етеді;
- «М» – барлық ағзаның жұмыс істеуіне әсер етеді;
- «Х» – ағзаның тазаруына көмектеседі;
- «ХА» – көңіл-күйді көтеруге әсер етеді.

7. «Суреттегі ой» жаттығуы: экраннан 3 топқа бөлінген суреттер көрсетіледі.

• Тренер сөзі: экрандағы суреттерге байланысты әр топ өз ойларын түсінгендерін айтып ой бөліседі.

1-тапсырма: ақ қағазға салынған төртбұрыш ішінде қара нүкте орналасқан.

Мұғалімдер ойы:

• Тренер талдау: Ортасында қара нүктесі бар ақ кеңістік. Бұл бала алғаш дүниеге келгенде ақ қағаздай, сол қағазға ата-анасымен біздердің салған бейнеміз



қаншалықты дұрыс болса, сол нәтижесімен салыстыруға болады.

2-тапсырма: Жарқын шуағын төккен күн шуағының астында әр ұлттың үш баласы қол ұстасып тұрғаны бейнеленген.

Мұғалімдер ойы:

• Тренер талдау: Сыртқы түстері әр түрлі болғанымен бұл балалардың жан дүниесі бірдей, сондықтан ұлағатты ұстаздар оларға күн сәулесіндей бірдей мейірім шуағын төгеді.

3-тапсырма: Түнгі аспан, жымыңдаған жұлдыздар жарығы сөнбеген бір үй бейнеленген

Мұғалімдер ойы:

Тренер талдау: Түн. Айнала жым-жырт. Аспанда жымыңдаған жұлдыздар, ел ұйқыда бірақ ояу бір кісі бар. Ол – мұғалім. Ол қанша

жыл ұстаз болғанымен, жұмыста да, үйдеде, ертеңгі сабағына үлкен жауапкершілікпен дайындалып келеді. Құрметті әріптестер менімен келісесіздер ме? Керемет, жарайсыздар!

Біз кейде пендешілікпен оқушыларымызға, ұжымдағы адамдарға



ренжігенде қатты сөздер айтып қоятынымыз бар. Құрметті ұстаздар сіздермен «шегенің іздері» атты роликті тамашаласақ.

8. Бұл картинада қыстың бір белгісі бейнеленген, яғни негізгі элементтердің контуры салынған. Бұл картинаны сіздің көзқарасыңыз бойынша қалай болу қажет, солайша етіп аяқтаңыз.

Маңыздысы, сізге адамның суретін салу керек.

- Егер сіз қар үйінділеріне басты назар аударсаңыз, оларға штрихтар мен көлеңкелерді салсаңыз, онда сіз дәл осы уақытта өзіңізді бақытты сезінуде емессіз. Сізді бір ойлар алаңдатуда, сіздің басыңыз қара ойларға, ал жаныңыз – уайымға толы.

- Егер сіз қара, түнерген бұлттың суретін салсаңыз, онда сіз нағыз пессимист адамсыз. Сіз мінезіңіз нашар, өте ашулы адамсыз. Сіздің ыңғайызды табу қиын, өйткені сіздің үнемі ешнәрсеге көңіліңіз толмайды. Сіз өмірдің сәттеріне қуана білмейтін адамсыз, кез келген ақ нәрседен қараны көріп тұрсыз.

- Егер сіз үйді басты азарда ұстап, оған мұржасынан түтін шығып жатқанын салсаңыз және үйдің терезесінен жарық көрінсе, онда сіз жарқын жүзді, бақытты адамсыз. Сіздің өмірдегі басты құндылығыңыз – бұл сіздің үйіңіз, жақындарыңыз және достарыңыз. Сіз осы аталғандардан өзіңіздің өміріңізге күш-қуат аласыз. Сіз өмірдің сәттеріне қуана білетін, өмір сүре білетін тұлғасыз.

- Егер сіз шыршаға басты назарды аударсаңыз, бұл сіздің жарқын жүзді, шынайы адам екендігіңізді білдіреді. Бұл сіздің бүкіл әлеммен байланыс жасауыңыздың бірден бір құралы. Сізді айналаңыздағылар жақсы көреді, өйткені сіз көңілді, белсенді адамсыз.

- Ауадағы қарлар – бұл сіздің жағымды, жақсы әсер қажетсінетіндігіңізді білдіреді, күнделікті өмірдің күйбеңінен басқа дүниені аңсайтындығыңызды білдіреді.

- Егер сіз адамды шыршаның жанына салсаңыз, бұл сіздің күш-қуатыңыздың көптігін, шаршамайтын адам екендігіңізді білдіреді.

- Егер адам үй мен шыршаның ортасына салсаңыз, сіз бір нәрсені қажетсінесіз, яғни сізге өмірлік мақсат қою керек немесе біреуді сүю қажет.

- Егер адам үйдің ішінде орналасса, онда сізге демалу қажет. Сіз рухани және физикалық тұрғыдан шаршағансыз.

9. Құрметті ұстаздар!

- Біздер мектептегі балаларға білім, тәрбие береміз деп, өз балаларымызға уақыт жеткізе алмай калатын жағдайымыз бар.

Алайда қазіргі таңның бітпейтін қағаз құжаттары, Интернет желісіндегі программалар балаларымызға уақыт бөлуге мүмкіндік бермей жататыны тағы бар. Құрметті ұстаздар,бізде ата-ана, екенімізді ұмытпайық!

Қорытынды сұрақтар:

- Қазір қандай күйдесіздер?
- Босаңсу жаттығулары қаншалықты нәтиже береді?
- Тренингтен алған әсерлеріңіз қандай?

Авторлар туралы мәлімет Сведения об авторах

АЗАМАТҚЫЗЫ Аружан – Алматы технологиялық университеті, Тағам қауіпсіздігі факультетінің 1-курс магистранты. Алматы қаласы.

АЙТЕЙБАЕВ Максат Кадырболатович – №6 Арнайы мектеп-интернатының тәрбиешісі. Алматы қаласы.

АСҚАР Балжан Ерболқызы – Алматы технологиялық университеті, Тағам қауіпсіздігі факультетінің 1-курс магистранты. Алматы қаласы.

ӘУЕЛБЕКОВА Айнұр – №86 Шалқия орта мектебінің психологы. Жаңақорған ауданы, Қызылорда облысы.

БАТЫРҒАЛИЕВА Г. – С. Есетов атындағы ОЖББ мектебінің психологы. Талдықұдық ауылы, Казталов ауданы, Батыс Қазақстан облысы.

БЕЛҒОЖА Еділ Маратұлы – №6 арнайы мектеп-интернатының әлеуметтік педагогы. Алматы қаласы.

ДОСЫМАНОВА Ж.К. – воспитатель Областного Дома Юношества г. Костанай. Костанайская область.

ЖАНДЫБАЕВА Мейрамгүл Мұхтарқызы – Абай атындағы орта мектептің психологы. Құрманғазы ауданы, Атырау облысы.

ЖАҢАБЕРГЕНОВА Гүлнар Мәлсқызы – №165 С. Сейфуллин атындағы орта мектеп педагог-психологы. Әйтеке би кенті, Қызылорда облысы.

МЫРЗАБОТАЕВА Гулбакыт – №6 Арнайы мектеп-интернатының тәрбиешісі. Алматы қаласы.

САГИМБАЕВА Диана Кайратқызы – Алматы технологиялық университеті, Тағам қауіпсіздігі факультетінің 1-курс магистранты. Алматы қаласы.